



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

BULLETIN

JOURNALISM SERIES

1/1(37) 2015

ISSN 1563-0242
Индекс 75869; 25869

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Journalism series

№1/1 (37)

Алматы
«Қазак университеті»
2015

Абдраев М.К.
**3D технология және
инновациялық қоғам**

Мақалада жаңа инновациялық телетехнологияның көмегімен әзірленген бейнематериалдарды 3D форматы негізінде компьютерлік бейнеөңдеудің әдіс-тәсілдері айтылады. Бұл процеске, қатысушы мамандар телеөндірістік дүниенің экзотикалық бағыт сапасын халықаралық деңгейге көтеруді мақсат тұтты. Евромедиялық мәдениеттің тележобасын, классикалық үлгісін көтеру озық ойдың, ғылым мен білімнің сабақтастылығын ұлғайту, еркін технологиялық үрдісті шығармашылық қабілетпен шоғырландыру консорциумдық шешімдерге қол жеткіздіртті. Мақаланың негізі ой идеясы осы мазмұнда жазылған. Теледизайн тәсілдерін қолдана отырып, конвергенттік журналистиканың маңызы әңгімеленеді.

Түйін сөздер: сценарий, мәтін, бейнеөңдеу, бағдарламалар жиынтығы, теледизайнер.

Abdraev M.K.
**3D technology and innovation
of society**

The article examine the importance of creating special effects and computer video editing. Also as the creation of the video – the relationship between partners. To make TV programs are creative work. Theoretically hand-writing the script, prepare texts, decorate the melody – is concept of the products. The Advantage of the fact that today the industrial-innovative development has proved to be a new way of world competition act and science. TV project activity of Euro Median culture, creative ability, free technology tendency progressively expand science and knowledge gave conceptiative solutions. Including methods of TV design talks about the importance of convergent journalist.

Key words: computer video editing, offscreen text, innovation development at technology, editor, programmer, special effects.

Абдраев М.К.
**3D технологии
и инновационное общество**

В статье рассматривается создание спецэффектов и значение компьютерного видеомонтажа. Также исследуются взаимоотношения между партнерами при создании видеоролика. С этой стороны подготовка телепрограмм, телешоу, телефильмов заметно улучшилась. Специалисты, которые участвуют в этом процессе, поставили цель поднять качество телепрограмм на мировой уровень. В статье исследуются методы теледизайна и говорится о важности конвергентной журналистики.

Ключевые слова: компьютерный видеомонтаж, закадровый текст, инновационное развитие телетехники, редактор, программист, спецэффект.

3D ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚОҒАМ

Бүгінгі кезеңнің зерттеу тәжірибесінде бұрын мүмкін болмаған өз формасымен, құрылымымен және жалпылама талдау мүмкіндігін беретін ақпараттарды пайдалануға болады. Ол адамның түрлі қызмет ету салаларына компьютерді, ақпаратты өңдеу және берудің қазіргі таңдағы жаңа құралдарын енгізумен сипатталды.

Барлығы да өндіріске және тауар тұтынуға бағытталған индустриялық қоғаммен салыстырғанда ақпараттық қоғамда интеллектінің артуы технологиялық процеске және білімге деген сұраныстың ұлғаюы, бұл өз кезегінде кешенді атқарылатын жұмыстың үлесін арттырады. Заман талабына сай мұндай қоғамда жасалынатын бағдарламалардың барлығы да үш өлшемді кеңістіктің графикалық анимациясымен көркемделеді және оқыту жүйесінің үрдісіне осындай мүмкіндіктермен жабдықталған қолданбалы бағдарламаларды енгізу керек. Бұл үрдіс әлемнің барлық елдерінде жүріп жатыр. Үш өлшемді кеңістікті қамту мүмкіндігі бар графикалық редакторларды пайдаланып, бағдарламалар құру оның көрінісін әсерлейді.

Компьютерлік технологиялардың дамуындағы барлық қолданбалы бағдарламалар өңдеудің бүкіл құрылымына қатыса алады. Мұндағы кескіндер үш өлшеммен анықталады, сондықтан да бұл бейнебезендірудегі орындалған жұмыс нәтижесі – интерфейс элементтерін дұрыс пайдалана отырып, күрделі аспаптар жиынтығын игергенде ғана көрінбек.

Негізгі бейнеқордық сценарлық үлгідегі жобасында көрсетілген бейнекадрлерді жинақтау, ауыстыру, орналастыру құралдар панелінен бөлек сақтау терезелерінен алынады. Кадраралық уақыт, эффектілік көрініс басқару нүктелері арқылы жүзеге асырылады.

3D-өңдеу графикасы – визуалды жоба

3D-графикалық өңдеу индустриясы. Модельдеу, анимациялау, визуалды көркемдеу бағдарламаларын қамтиды. Инновациялық шешімнің технологиялық маңыздылығының көрсеткіші.

Телекоммуникация – байланыс құралдарының орталық желісі. Жалпы бір нүкте өзінше бір көрініс. Оның төңірегіндегі басқа заттар графикалық, визуалды топтамалар. Осы жиынтық көріністі бейнекамераның көмегімен компьютерге құйылғаннан кейін оны бағдарлама көмегімен өңдеуде графикалық құбылыс

пайда болады. Өңдеу өнерімен түрлі қозғалыс қолданысын жасап, негізгі нысананың эсерін арттыру мүмкіндігі туады. Яғни үш өлшемді статистикалық фонның кескінімен модельдеу бейнекөріністің көркемдігін береді. Жалпы бейнеөндірістің толық жобасын экрандауда әр кадрдың табиғи құбылысын тақырып мазмұнымен сәйкестендіреді. Бейнелесу перспектісін графикаландыру шығармашылықтың контенттік жүйесін құрады. Алайда терминдік сөздердің мағынасын байыптау логикалық тұжырым бергенімен, бұл өлшемнің идеялық баяндауы басым. Ақпараттың визуалды өңделуі әр бейнекадрдың сапасына көрермен қызығушылығын оятады деген сөз. Кез келген телехабарды эстетикаландыру қоғам мен телеарнаның арасындағы тығыз байланыс орнату. Демек, жоғары кәсіби технологияның инновациялық дүмпуі адамзат санасының оркендеуі. Идеялық көркем ой биіктігі графикалық әдіс-тәсілдерді компьютерлік жылдамдықпен өрбіту, өрнектеу интеллектуалды ұғым, эстетикалық сана, мәдени мән қалыптастырады.

Алғашқы телевизияның шығу тарихына көз жіберсек, кара, ақ түсті бейнекөріністерді қабылдадық. Уақыт өте түрлі-түсті телевизиялық көріністерді тамашаладық. Бүгінде талап пен талғам мүлдем басқаша. Білім мен технологияның, іс пен тәжірибенің, теория мен қолданбалы құралдардың дәуірі туды. Соның бір айғағы 3D-технологиясының бұқаралық ақпарат құралдарындағы заманауи үрдістің күнделікті заңдылыққа енуі табиғи нәрсе. Кез-келген бейнекөріністі шынайы қабылдау адамзаттың жаратылысында сана мен ақыл-ойдың бірлігімен байланыстырылады. Ал оның құпия-жықпылдарын анықтау, көз жеткізу бүгінде әртүрлі өңдеу, безендіру, түрлендіру өнерімен өрістеді. Мәселен, баннерлік өнімдерді графикалық өңдеу бағдарламасы арқылы анимациялау, өзгерту, қозғалысын күшейтіп, бейнекөрініске айналдыру – оның сапасын әлдеқайда арттырады.

Яғни графикалық өңдеуден өткен өнімдер жиынтығы белгілі бір жанрлық ерекшелікке де ие болады. Кез-келген телеөнімді көркемдеу бағдарламаларымен қамтамасыз ету жалпы бейнежинақтың мазмұнын тереңдетеді. Бейнекадрлық қимыл-қозғалыстың кешенділігін жедел танытады. Телевизиялық хабарлардың ұйымдастырылуында компьютерлік графикамен әрбір бейнекөріністің интеграциялануы конвергенттік журналистиканың ролін күшейтеді. Себебі мобильді кескіндеу оқу үдерісіндегі іс-тәжірибе бәсекелестігін дамытады. Өйткені ақпараттық технологиялардың негізгі ныса-

насы БАҚ-тағы нарық сұранысына төтеп беру. Сондықтан коммуникативті дәуірдің ілім-біліміне тез қалыптасу деген сөз – технологиялық үдерістің қарқынын қабылдау дағдысына түсіп, имидждік деңгейден төмендемеу. Қазіргі заман талабына сай технологияның жаңаруы адамзат санасына, оның талғамына күрделі өзгерістер әкелді. Әлемдік әлеуметтік өмір мен мәдениет салаларында, экономикалық жетістіктерді арттыруда маңызды рөлге ие болды. Соның нәтижесінде мемлекеттік, қоғамдық стратегиялар да жаңа жобалармен жүзеге асырыла бастады. Кез келген дүниені үш өлшеммен еселеп ұлғайтуды шынайы ұғым ретінде адам түйсігіне құю визуалды көркемдіктің жоғары көрсеткіші саналды. Заттың динамикалық өзгерістерге түсуі символикалық түрге айналып, әлемдік техникалық мәдениет пен сана эстетикасын өрбітті. Адамзат дамуындағы идея мен зат, бейне көрінісінің поэтикасын дәнекерледі.

Мәселен, 3D бейнекамера, 3D принтер, 3D бейнеөңдеу бағдарламалары кез келген құбылысты, табиғатты, затты моделдендіріп, сәулелер лазер түсіру тәрізді эффектілермен көріністі тартымдылығын арттырады. Ол тележурналистикаға да зор мүмкіндіктер әкелді.

Белгілі бір бейнежинақ пен аудиотрек (звуковая дорожка) компьютерге енгізіп, оған арнайы бағдарлама кешеніне лайықтайды. Кәсіби бейнеөңдеу бағдарламалары таңдалған негізгі үлгімен өңдеу процесі басталады. Бұл форматтағы бейнередактор (видеоредактор) мүмкіндігін сценарлық жолмен өңдеу барысында негізгі тақырыптың көркем жиынтығына мән-мағынасына баға беріледі. Яғни, автор, режиссер әр өңдеу бағдарламасын өндіріс талдаудан өткізе отырып, жоғары кәсіби пайдауға да қол жеткізеді.

1. Blender (Блендер) өңдеу бағдарламасы бейнеөңдеу модельдік үлгіні анимация рендирингтік (яғни көркем тәсіл) идеяны орындай эсерлейді. Рендиринг екі топқа бөлінеді:

2. Көріністің суреттелуі, екінші мәтіндікүрмен орналастырылады. Яғни бірнеше камералар бірлесіп түсірілген бейнекадрлардың қозғалысы көріністерін әр түрлі ракурстармен бейнелейді.

2. Sketchup Make (скетчпа мейк) бұл бағдарлама бейнекадрлардың архитектуралық қимылдылығын беттестіреді. Алайда, бейнежинақ көркемдік тәсілмен реттелмеген.

2. Sweet Home-3D (суит хоум) бағдарламасының көмегімен дизайнерлік сипат беріледі.

3. Sculptris (скульптриз) модельдік жұмыс қимыл-қозғалысын реттейді.

4. LCEGO-Digital Designer (леджо-джитал десиджер) әр кадрдың конструкциялық құрылымын түрлендіреді.

3D көпракусты дисплей элементтер жиынтығы ақпаратты бір мезгілде айқын танытады. Объектінің жан-жағын көзбен шолу тек панорамалық кеңістікті ғана қамтиды. Ал көзбен ілгерінді-кейін шегіндіріп кеңістіктегі зат пен құбылыстың ерекшелігін тану мүмкін емес. Алайда, ұзақ қашықтықты бинокулярлық көрініспен алғанымен, нақтылық болмайды. Сол себепті 3D бейнекамерасына лайықталған өңдеу жүйелері толығымен жұмыс істейді. Визуалды көріністер арқылы ақпаратты көру ғана емес тану көзделеді. Оның микроқұрылымы стереокөшірме үлгісімен иллюзиялық талғамды үш есеге арттырады. Мұны **телекөріністегі комфорт** деп атауымызға болады. Ақпаратты сенімділікпен тарату – дәлдік, нақтылық негізінде болса, «интертенттік ақпаратқа» жол берілмейді. Ал, «интертенттік ақпарат» дегеніміз – сенімсіздік, күмән келтірер, айғақтың жоқтығы, дерексіздік, мағынасыз дегенді ұғындырады. Бір кадрды өңдеу жіктеуден (раскадровка) тұрады. «Adobi» – бағдарламасымен бейнекадрлер жиынтығын өңдей отырып, жобалы телехабар әзірлеуге болады. Ал 3D-ның арнайы бағдарламасымен бір кадрдың өзіннен бірнеше мағыналық элементтер жасалады.

Бейнеөңдеудің тілі мен мазмұндық стилі

Әдеби көркем дүниенің тілі шұрайлы, мағыналық сипаты терең. Алайда бейнеөңдеуде әрбір динамикалық көрініс пен әр бейнекадр сойлеп тұрады. Оның кореремен қатынасын танытатын идеялық көркем тілі де сол бір-бірімен байланысып жатқан бейнекөріністік тақырыппен ұштастығында. Ой мен мәтіндік баяндаудың ұтымдылығын танытатын көрініс айғақты дәлел болып табылады. Сондықтан: 1. бейнеөңдеуде бейнекадр мен мәтіннің иллюзиялық тартымдылығы арнайы эффектілермен айшықталады; 2. режиссерлық тіл мен экран тілінің көркемділігін арттыруда өңдеудің классикалық бағдарламаларын пайдалану; 3. бейнеөңдеудің композициялық құрылымын жетілдіру; 4. Әрбір элементтің құндылығын көркемдеу тәсілін пайдалана отырып, көрерменмен тікелей ақпараттық қатынасқа түсу.

Телевизия адамзат дәуірінің тамыршысы

Телеарна бүгінгі таңда әлеуметтік элиталық интеллектуалды қоғамның қалыптасып дамуына, мәдени өрлеуіне қозғау салатын ықпалды құрал. Адамзат тарихында жасампаздыққа оңтайлану дәуірі туды. Өндірістік шаруашылық пен индустриялық инновация үрдісінің үздік-

сіз ілгерілеу қарқыны, технологиялық өңдеудің жоғары сапалық деңгейі әлемдік бәсекелестікті әкелді. Адамдардың санасына кез келген ақпараттық ұғым сіңіретін құралдар да сансыз жұмбаққа тіреді. Осы орайда жедел (мобильді) журналистік қабілет пен аса жауаптылық талабы қойылды. Өркениеттілік деген маңызды түсінік барлық саланы шарлап, жаңару, өсу, игеру үдерісін жандандырды. Әлемдік бедел санатына іліну мақсатында жаһандық серпіліс адам баласының сана сезіміне тың өзгеріс енгізді. Қатар тұрып, бірлесіп өмір сүру, әлеуметтік сұраныс пен қажеттілікті өтеу, ауырды жеңіп, ортақ дүниенің шешімін табу көзделді. Осы ретте телеарна бейбіт те салауатты ғұмырдың ғибратты көрсеткішіне айналды. Телехабардың ұйымдастырылуы, ақпараттық сананың қалыптасуы телеарна қозғалысына салмақ салды. Сондықтан, 1. телетехнологияны басқару; 2. бейнеөнімді жедел өңдеу; 3. бейнекадрлердің ақпараттылығын жекізу; 4. Өндірістік, әлеуметтік, идеологиялық ой-пікірді қоғамдық айналымға интеллектуалдылықпен орбита білу, қорытындылай алу. Әлемдік маңызды мәселенің көшінен қалмай технологиялық теле құрылымдар мен бейнекамера және өңдеу бағдарламаларын, компьютерлік трансформациялаудың түр-түсін еркін пайдалану, ұтқыр әзірлеу қажет.

Тележарнама жанрын өңдеу өлшемі

Бейнемонтаж дегеніміз – компьютерлік бейнешығармашылықпен қатар ой-сана жүйесінің интеллектуалды бейнетүзілімі. Кез келген телеөнімнің өндірістік мәні телевизиялық техниканың негізінде қоғамдық-әлеуметтік дүниеге айналады. Компьютерде өңделетін бейнеөнімдер жанрлық тұрғыдан да әртүрлі формалармен анықталады. Қазіргі таңдағы жалпы өндірістік кәсіби деңгейдегі бәсекелестіктен туған телеарна өнімінің негізіне айналған бейнебаян, жарнама жанрына тоқталайық. Бұл жанрдың ерекшелігі – тек өнімнің құпия сырын ғана емес, оның әлеуметтік қажеттілігін сығымдап өңдейді. Сол себепті тележарнама мен бейнебаянның төлем қаржысы да жоғары. Себебі өңдеу процесіне жоғары кәсіби мамандар – режиссер, оператор, артдиректор (көркемшығармашылық директоры), дизайнер, программист мамандар жұмылдырылады. Негізгі қоғамдық орлеу мәнісі де, стратегиялық бағыты да бейнеөнімнің негізгі мазмұнынан айқын көрінеді. Яғни нарық жүйесінің тұжырымын экономикалық сапамен байланыстыра өңдейді. Демек, компьютерлік өңдеудің маңызы зор. «Соңғы онжылдықта жаңа техноло-

гияны меңгерген әмбебап мамандарға сұраныс артуда. Бұл ақпараттық, визуалдық материалдарды жинап, өңдей алатын бірнеше қызметті қатар атқаратын журналистиканың жаңа моделі» дейді профессор Г.Сұлтанбаева өзінің «Конвергенттік журналистика» еңбегінде. Әр бейнекадрдың тиімділігін эстетикалық көркемділікпен тұтынушы көрермен қауымға ұсыну бұл жанрдың шеберлігі мен ұтқырлығы, ұшқырлығы болып табылады. Бүгінде бұл талап медиаорталықтық кеңістікте әр қырынан танылуда.

Мәселен теледизайн бағдарламасының өңдеу трезелеріндегі әр нүкте, әр сызық классификациялық өлшеммен қойылады. Бұл технологиялық қолданыстың бейнеөндеу жүйесіндегі полиграфиялық тұжырымын да қамтиды. Сондықтан бейнеөндеу процесінде жаңа индустриалды даму мен қайшылықтарды журналист маман ажырата білуі заңдылық. Әрі компьютердегі өндеу дизайны өте жоғары қабілеттілікпен қоса эфирлік және жарнама жобасының негізін құрайды. Демек компьютерлік өндеу дизайны бейнеөнімнің қорытынды көрсеткіші. Ол үшін неден бастау керек?

1. Сценарлық жоспарды концорсиумдық бағытта ұжымдасып жасау қажет.
2. Шығармашылық идея тұтастығын сақтау керек.

3. Тележарнама форматына эллюзиялық берудің тәсілін игеру ләзім.

4. Теледизайнның заңдылығын сақтап жарнаманың құндылығын тану және тағы басқа талаптарға кәсібилікпен мән берілуі керек.

Осы орайда тележарнама өнімін әзірлеп, бақылаулық көрсетілімге шығарушы телеарнаның имиджіне нұқсан келтірмеуді есте сақтаған жөн. Осы мақсатта бейнеөнімнің бағдарламасын табу шығармашылық столындағы маманға тікелей жүктеледі. Ол үшін мына міндеттер жүзеге асырылуы тиіс: а) негізгі бейнекөріністерді тандап, іріктеу; ә) бейнекадрдың композициялық графикасын табу; б) әр кадрды ауыстыру, қою тәсілін эффекттендіру; в) титр жазу жолдарын әзірлеу;

Сондықтан да жаңа технологияны меңгеру, жаңаша көзқарас пен тың ойлардың идеялық көркемдігін жасау болып табылады. Осыны басшылыққа ала отырып, бүгінгі телемедианың тәсілдердің заманауи үлгісін дәстүрлі деңгейге жеткізу. Қоғамдық медиажобаның зертханалық медиатұтастығын телеарна көрермендерінің тұтынушылық талғамымен ұштастыру міндеті де осы талапты жүктейді.

Мәтіннің тұтастығын сақтау принципін бұзбастан бейнекадрлер жиынтығын көз алдымызға елес дүние ретінде қабылдаймыз. Алайда оның көркемдік шешімін компьютерлік өндеу шеберлігімен ғана табамыз.

Әдебиеттер

- 1 Интернет көзі: <http://www.idea-media.ru>; <http://ru.wikipedia.org/wiki/инновация>
- 2 Қазіргі кездегі журналистік білім беру: инновациялар, жаңа технологиялар. – Алматы. «Асыл кітап» баспасы, 2012. – 168 б.
- 3 Интеллектуальная нация в фокусе гуманитарных технологий: монография/ Г.С.Сұлтанбаева, С.Н.Велитченко, О.П.Ложникова; –Алматы: Қазақ университеті 2014, 160 стр.

References

- 1 Internet kozi: <http://www.idea-media.ru>, <http://ru.wikipedia.org/wiki/innovatiya>
- 2 Kazirgi kezdegi zhurnalistik bilim beru: innovatiyalar, zhana tehnologiyalar. –Almaty. «Asyl kitap» baspasy, 2012. – 168 b.
- 3 Intelctual'naya nathiya v focuse gumanitarnyh tehnology: monografiya / G.S.Sultanbaeva, S.N.Velitchenko, O.P.Loznikova; –Almaty: Kazakh Universiteti 2014, 160 str.

	<i>Сұлтанбаева Г.С., Ложникова О.П., Балымбетов Б.</i>	
	Интеллектуальные ценности в казахстанском обществе: вопросы социального капитала	122
	<i>Альжанова А.Б.</i>	
	Трудовая миграция и СМИ	132
	<i>Киялова Д., Майкотова Ғ., Құрманбаева А.</i>	
	Жаһандану концепциясындағы ғылыми тұжырымдамалар	138
4	<i>Әбдіразақова А., Сарышева К.</i>	
	«Ақмешіт апталығы» газетіндегі мақалалардың тақырыптық, тілдік-стильдік ерекшеліктері	144
10	<i>Қожахметова Ж.Д.</i>	
	Қазақстандағы мүгедектермен әлеуметтік жұмыс	150
20	<i>Кудабай А.А.</i>	
	PR и маркетинговые концепции	156
30	<i>Есенбек Ж.Б.</i>	
	PR-дың теориялық және методологиялық мәселелері	162
36	<i>Иманалиев Ж.О.</i>	
	Журналистикадағы технологиялардың жаңа қырлары	168
42	<i>Губашева Д.Т., Мамырова К.С.</i>	
	Формирование научной коммуникации в КазНУ	172
48	<i>Абдраев М.К.</i>	
	3D технология және инновациялық қоғам	176
56	<i>Dossybayeva G.K.</i>	
	Main methods of perfecting the system of higher education in RK	182
60	<i>Мадалиев М.М.</i>	
	Политическая культура общества	186
66	<i>Мұқанова Г.Қ.</i>	
	Дискурс «Дипломатия и внешняя политика в контенте медиа Казахстана»	192
70	<i>Мусинова Ә.А.</i>	
	Социологические публикации в СМИ Казахстана: проблемы востребованности	200
74	<i>Негізбаева М.О., Толепбекова Д.Н.</i>	
	HR и PR как эффективные бизнес-коммуникации	208
80	<i>Садуақасов А.А., Нұржанова Ш.С.</i>	
	Демократиялық қоғам құрудағы БАҚ-тың рөлі	212
86	<i>Әлім Ә.А., Ноғайбаева Ж.А., Құрманбаева А.Ә.</i>	
	Тәуелсіз журналистиканың демократиялық қоғамдағы орны	218
90	<i>Жұмағұлова А. Ж.</i>	
	Тілдік қатынас түрлері	224
96	3-бөлім Раздел 3 Көсемсөз және көркемсөз Литература и публицистика	
	<i>Медеубекұлы С.</i>	
	Замансөз және замансөзгер	230
	<i>Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е.</i>	
	Шешен сөз бен көсем сөз	236
104	<i>Есхуатова Н.Б.</i>	
	Параллели в жизни и творчестве казахских публицистов XIX века. М.-С.Бабаджанова и Ч.Валиханова	244
108	<i>Бисенбаев П.</i>	
	Қазақ дастандарындағы мифологиялық ұғым-түсініктерден туған бейнелер	248
114	<i>Дәрібайұлы С.</i>	
	Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі» мен ақын-жыраулар поэзиясындағы нәпсі туралы тұжырымдар	254